



ТАҚЫРЫБЫ:

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ.

Орындаған :Нуриддин Н. Б.

Қабылдаған: Тлебаева Г .М.



- ? Жұмыс уақыты — қызметкер жұмыс берушінің актілері мен еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт.
- ? Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс.



? Жұмыс уақытының мынадай түрлері көзделген: ұзақтығы қалыпты, қысқартылған толық емес жұмыс уақыты.



ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

? Кәсіпорындардағы (мекемелердегі, ұйымдардағы) қызметкерлердің қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығы жетісіне 40 сағаттан аспауы тиіс. Көрсетілген мөлшер экономиканың салаларына, кәсібіне, мамандығына, қарапайым қалыпты еңбек жағдайлары бар қызметтерге қарамастан қызметкерлердің барлығына бірдей қатысты. Жұмыс уақытының апталық 40 сағаттық ұзақтығы екі жақтың келісімі бойынша ұзартуға болмайтын ең шектік ұзақтық.



ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

- ? **Қысқартылған жұмыс уақыты** еңбекті қорғау, оқуды өнімді еңбекпен ойдағыдай ұштастыру үшін қолайлы жағдай туғызу, кәмелетке толмағандар мен еңбек қабілеті төмен адамдарды өндіріске тарту мақсатында қызметкерлердің жекелеген топтары үшін белгіленеді.





- ? Еңбек туралы заңда 18 жасқа толмаған қызметкерлер үшін қысқартылған жұмыс уақыты белгіленген. 16—18 жастағы адамдарға аптасына 36 сағаттық жұмыс уақыты, ал 14—16 жас арасындағы жасөспірімдер үшін аптасына 24 сағаттан аспайтын жұмыс уақыты белгіленген. Арнаулы тізім бойынша жағдайлары еңбекке зиянды ауыр дене еңбегімен айналысатын қызметкерлердің аптасына 36 сағаттан аспайтын қысқартылған жұмыс



ТОЛЫҚ ЕМЕС ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

? Толық емес жұмыс уақыты қызметкер мен жұмыс беруші арасында оны жұмысқа қабылдар кезде және одан кейін де келісім арқылы белгіленеді. Толық емес жұмыс уақытын ұзақтығы заңмен белгіленген қалыпты жұмыс уақытынан кем қысқартылған жұмыс уақытынан ажырата білу керек. Олардың айырмашылығы еңбекке ақы төлеу тәртібінде.

Егер қызметкерлерге қысқартылған жұмыс уақыты үшін жалақы толықтай төленетін болса, ал толық емес жұмыс уақыты үшін жұмыс істеген уақытына сәйкес немесе шығарған өніміне қарай төленеді.



ТҮНГІ УАҚЫТТА ЖҰМЫС ІСТЕУ

- ? Түнгі уақытта жұмыс істеуге онсыз болмайтын жағдайда ғана жол беріледі. Атап айтқанда, технологиялық процестері үздіксіз өндірістерде, байланыс, медицинамекемелерінде, көлікте және басқаларда.
- ? Кешкі сағат 10-нан таңғы сағат 6-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт деп есептеледі. Және де жұмыс уақытының кем дегенде жартысы түнгі уақытқа келетін болса, ауысым түнгі деп есептеледі.



?

? 18 жастан төмен және түнде жұмыс істеуге тыйым салатын медициналық анықтамалары бар өзге де адамдар түнгі жұмысқа жіберілмейді.

? Екіқабат әйелдерді түнгі жұмысқа қатыстыруға, олардың жазбаша келісімі бойынша ғана жол беріледі. Жекелеген жағдайларда мүгедек адамдардың түнгі жұмысқа пайдаланылуы мүмкін, бірақ олардың келісіммен және ұсынылған жұмысты атқаруға медицина қызметкерлерінің ирұқсаты болған жағдайда ғана.



? Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс жасалатын жұмыс мерзімінен тыс жұмыс деп танылады. Бұл жұмыс қызметкердің еңбек міндеттемесіне кірді ме, жоқ па немесе қызметкер оны жұмыс берушінің тапсыруы бойынша орындады ма, бұл арада оның мәні шамалы. Мерзімнен тыс жұмысқа жасы 18-ге толмаған және жүкті әйелдер жіберілмейді. Мерзімнен тыс жұмысқа ақы қосымша төленеді.

